



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 27/53
8 шілде




www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ АСТАНАНЫң 25 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН БАУЫРЛАС ҚАЛАЛАР ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ




Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Астананың 25 жылдығы. Жаңа даму бағыттары. Жаңа мүмкіндіктер» атты елорданың бауырлас қалалары форумының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, жиынга қатысып отырган бауырлас қалалардың басшыларына, әлемнің бірнеше елінен арнайы келген мәртебелі меймандарға ілтипат білдіріп, Астананың 25 жылдық қалыптасу тарихына қысқаша тоқталды. – Бұл – мерейлі белес. Біз ширек ғасыр бұрын астанамызды Алатаудың баурайынан Арқа төсіне көшірдік. Есілдің жағасына ел кондырып, жаңа қаланың іргесін қаладық. Бүгін осы маңызды жиынға елорданың бұрынғы әкімдері, қаламыздың күрметті тұрғындары, еңбек ардагерлері, мәдениет, ғылым, спорт қайраткерлері, ғалымдар, ұстаздар, мемлекеттік қызметшілер қатысып отыр. Олар Тәуелсіз Қазақстанның тірері болған Астананың құрылышына белсене атсалысты, кеңес заманындағы ескі шаһардың қазіргі заманға сай озық қалага айналуына зор үлес қосты. Мен баршаңызға шынайы алғыс айтамын. Шын мәнінде, Астана қаласының салынуы – Тәуелсіз Қазақстанның тарихында айрықша мәні бар оқиға болды. Өздерінізге мәлім, елорданы көшіру оңай болған жоқ, қомақты жұмыс істелді. Бұл шешім өте құрделі кезеңде қабылданды. Ел экономикасы тоқырауда болды. Жұрт нарықтық қатынастарға толық бейімделмеген кез еді. Осындағы киын жағдайда Жоғарғы Кеңес Тұнғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасы бойынша Астананы Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Бас қаламызы рееси түрде 1997 жылы 10 желтоқсанда көшірілді. Ал осыдан 25 жыл бұрын 6 мамырда Ақмола атауы Астана болып өзгерілді. Елорданың жылнамасы Тәуелсіз Қазақстанның шежіресімен тығыз астасып жатыр.

Шын мәнінде, астананы көшіру геосаяси тұрғыдан өте дұрыс қадам болды. Бұл – халқымыздың болашақ тағдырын айқындаған аса маңызды және дер кезінде қабылданған тарихи шешім, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев Тұнғыш Президенттің осы бастамасы жаңа ұлттық идеяға айналғанына назар аударып, Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегіне лайықты, әділетті баға беру керек екенін айтты. Президенттің пікірінше, Әділетті Қазақстанда ақты ақ, қараны қара деу қажет, басқа сөзбен айтқанда, ненің шындық, ненің өтірік екенін ажыратса білу керек. Бұл – еліміздің болашағына тікелей қатысы бар мәселе Мемлекет басшысы жаңа елордамыз Тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне тың серпін бергенін, жаңару мен жаңғыруға жол ашқанын, бас қаламызда көптең іс-шаралар үйімдастырылғанын, дінаралық диалог пен рухани дипломатияның ордасына айналғанын атап өтті. Сондай-ақ Астананы бірлік пен берекенің бесігі деуге толық негіз бар екенін, бұл қалада ең маңызды шешімдер қабылданатынын, болашақта да солай бола беретінін жеткізді.

– Астана – болашағы зор кала. Осы орайда, біз «жасыл қала» идеясын жүзеге асыруға айрықша мән береміз. Елордамыз, ең алдымен, тұрғындарға ыңғайлы қала болуы керек. Астана – аймақтағы ірі қаржы орталығы. Әлемнің 75 елінің екі мыңнан аса компаниясы бизнес жүргізу үшін Астана халықаралық қаржы орталығын таңдауды. Бүгінде Қаржы орталығы елімізге 8 миллиард доллар инвестиция тартты. Бұл – жақсы көрсеткіш. Әлемдік саясатшылар Астананы бейбітшілік алаңы дейді. Ұстанымы бөлек, мұдделері керегар елдер осында бітімге келді. Келешекте де Астана біздің геосаяси аймақтағы маңызды орталық ретінде дами бермек. Мен бұған кәміл сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев..

akorda.kz



Елорданың жылнамасы тәуелсіз Қазақстанның шежіресімен тығыз астасып жатыр.

Шын мәнінде, астананы көшіру геосаяси тұрғыдан өте дұрыс қадам болды.

Қасым-Жомарт Тоқаев

«АСТАНА» КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ ӨТТИ



PRIOZERSK.AKIMDIGI



PRIOZERSK QALASYNIN AKIMDIGI

Приозерск қаласының орталық алаңында «Астана» күніне арналған мерекелік концерт өтті. Керемет концертке қаламыздың үздік енерпаздары қатысты. Мерекелік іс-шара би кешімен жалғасын тапты.

На центральной площади нашего города состоялся праздничный концерт, посвященный Дню «Астаны». В замечательном концерте приняли участие лучшие артисты нашего города. Праздничное мероприятие прошло танцевальной дискотекой.

<https://www.facebook.com/akimat.priozersk>

АРМАН ҚАЛА – АСТАНА!

Астана-ұлан гайыр еліміздің бас қаласы, әлем таныған жас қала. Біздің дәүіріміздің XI-XIII ғасырларында Арқада қыпшақ тайпалары көшіп - қонып жүрген. Әткен ғасырда археологтар Ақмола жерінен көне қаланың орнын тапты. Бозақ-қазіргі Астанадан небері 15 шақырым жерде. Қалашық X-XIII ғасырларда гүлденіп, Жібек жолы бойындағы сауда орталықтарының біріне айналған. Сондай-ақ Бозақ қыпшақ билеушілерінің елордасы болған. Демек, Елбасымыздың Астана орнын Арқа тосіне таңдауы кездей-соқтық емес, тарихты болжап, болашақты түйген көрегендік. 1996-жылы Ақмола қаласын астана жасаймыз деңгендегі қоғамның басым бөлігі күмәнмен қарады. Алайда 1998-жылдың 10-маусым күні тәуелсіз Қазақстан жаңа да жас қала – Астананың атын бүкіл әлемге паш етті. Етек-жәнін енді қымтап, есін жиған егемен елдің бірегей ұлдары Қазақ елінің болашағы үшін барын шаша еңбек етті. Халқының «Басы қатты болса, аяғы тәтті» деген дана сөз бар. Астана дамып, көркейе түсті. Айбынды Астанамыз жарық жүлдіздай жарқырады Астанамыз әр күні жылға татитын, әр жылды ғасырға тәң қарқынмен дамудың даңғыл жолына түсті. 1999-жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана «Әлем қаласы» атағына ие болды. Астана-сәулеті келіскең алып шаһар. Бас қаладағы ең ғажайып, есем мұнара-Бәйтерек. Тіршілік иелеріне тірек, сүйеніш, корған, пана деген ұғымды білдіретін алып мұнара еліміздің символына айналған. Гүлденген Астанамыз, түрленген жас қаламыз – елдік пен тұтастықтың ғажайып үлгісі. «Астана – Қазақ елі болашағының қаласы», - деген сөз әрбір адамның аузынан шығатыны анық. Мәдениеттің ошагы, ғылым мен білімнің ордасы. Еліміздің көгілдір туы желбіреген тәуелсіздігіміздің ордасы. Жаңа Астанамыздың құрылышы – жас мемлекеттің жасампаздықка ұмтылысының, бүкіл қоғамымыздың жаңауруның ерекше символына айналған құбылыс. Ғасырлар бойы бағалар арманың іске асырып, бас-аяғы төрт-бес жылда Астана салған мемлекет тарихта болған емес. Адамзаттарында астанасын жаңғырткан ел

тарихта қазақ елі болып қалатын шыгар...

Астана – сөз жоқ, есем қала. Ол өзінің ауыз толтырып айтартылған ерекшеліктерімен де айшықталады. Астананың жөні бөлек. Басқа қалалардан ерекшелігі де сол, онда әдемі зәулім үйлер, Есіл өзенінің жанында орналасқан Үкімет пен Парламентке арналған әкімшілік ғимараттары, Хан шатыры, мәдениет сарайлары, спорт кешендері, «Өмір өзені» атты субұрқактары, Конгрес Холл, театрлар мен Абай мен Кенесары атамыздың ескерткіштері, Бәйтерек монументі, көшедегі гүлзарлар мен алаңдары да өте керемет үйлесімін тапқан. Бұл біздің білетініміз фана десем болады. Қазіргі Астананың көз тоймастай көркіне, жылдан-жылға есемденіп өсіп келе жатқанына әрбір ауыл баласы қызыға қараймыз. Астананың Астана болғанына барша қазақ жұртшылығының қосқан ерен еңбегін айтпай кетуге болmas.

келемін. Жаңа астанада бой көтеріп жатқан көп қабатты үйлер жаңаша сәнмен, ерекше көрікпен салынып жатыр екен. Қаланың әсемдігіне қарап көзін тоймайды. Шет елдердегі қалалар секілді. Жаңа қаланың ортасынан бой көтерген Бәйтеректін, Ақ орданың, Үкімет үйі – бәрі-бәрі де ерекше сәнмен орын тепкен. Әсіресе алаңқайларға еілген, қазақша өрнекпен бейнеленген қызылды-жасылды гүлдер, жан-жағына салқын леп таратып тұрған түрлі-түсті субұрқактар, халқының ертеңінен қалады. Қаланың әсемдігінен әзірлеу мүсіндері менің көз алдынан ешқашанда кетпейтін шығар. Сонда жүріп жанымда жақындарымың, достарымың болмағанына өкіндім. Мүмкін сәтін салғанда олармен бірге ұйымдастырылған түрде Астана қаласына баралмыз деп ойлаймын. Бұл менің фана емес, көптеген достарымың арманы. Ал жақсы нәрсені армандар, жақсы ниет жасау кез-келегін қазақ азаматына тән қасиет. Жер бетіндегі әрбір адам өз елінің елордасын мақтан тұтады. Өзге жүрт қызыға, қызғана қарайды. Тамсанып, тандай қағады. Сөзім дәйекті болын деп мына бір мысалды келтіре кетейін. Анау жылы ресейлік телевизорлардың бірінде танымал режиссер Ақан Сатаев түсірген «Ликвидатор» фильмін талқылағы салды. Сондағы ерекше есімде қалған бір жайт – ресейлік киногерлер туындыдағы Астана көріністеріне танғалып, «біз мұны Еуропаның немесе АҚШ-тың, әлде басқа бір дамыған елдің қаласында түсірілген шығар деп ойладық» деді. Бұл сөзді оларға ешкім оларға зорлап айтқызған жок. «Бізге жағынбақ болып, жалбақтан отыр», деу де кисынға келмейді. Анығында, бұл – біздің елдің жетістігін мойындау. Ару Астананың көлбетіне шынайы сүйсініп отыр деген сөз. Осыны т



Сарыарқаның төрінде орналасқан Астана – Қазақстаның жүргегі. Мен оны әрдайым мақтанышпен «Әсем қалам – Астанам» - деп айта аламын және жыл әткен сайын жадырап-жайнап, гүлдене түсіріне сенемін. «Астана – бас қала» – деп айтылуында үлкен сир жатқан секілді. Астана қаласында тұратын балаларыма қызырстап барған сайын оған мен көз жеткізіп

үсінген сәтте арқаланып, кеудемді мақтаныш сезімі билеп кеткен болатын. «Еңсели Елорда, асқақтаған Астана». Бүгін біз осындай қасиетті сөздерді құрметпен, бойымызға біткен үлтішілдік сезіммен көкірегімізді көріп, басымызды көтеріп, аса мақтанышпен айта аламыз. Себебі, Арқаның төрінде сыйлдырап аққан Ерке Есілдің жағалауында орналасқан айбынды

Астанамыз бүгінде 25 жасқа толды. «Елу жылда ел жаңа» дейді дана халқының. Бірақ 50-дің жартысына енді фана толып жатқан жаңа қала жас қала Ару Астанамыздың көрсө көз тартар көрікті, қараса көздің жауын алар, жаңа улгідегі өнеріне негізделген биік-биік ғимараттары қалаға сән беріп, жаңаша бағыта ерекшелендіріп тұрғаны сөзсіз. 25 жылда қол жеткізген жетістіктері десек артық айткан болмас едік. Тіпті шет елдерден қаламыздың есем жерлерін аралап, тамсанып кететін шет елдік қонақтар да аз емес. Жер бетіндегі Еуразия құрлығының кіндігінде орналасқан Астана – Еуразия мен Азияның жалғастыруши алтын көпір, қақпаның кілті болса, күллі қазақ халқының – жүрегі. Осы күні адам айтса сенбестей өзгерген ару Астана өзге елдермен төрөзесі тен, келешегі кемел болашағы айқын және жұлдызы жарық қалалар қатарына қосылды. Осындай жетістікке жетіп, Астананың алып жатқан асуы – тұғырлы тәуелсіздігіміздің, еңсели елдігіміздің, айбарлы азаттығының ертеңінде арқасы. Әлемде аждаһаданда айбарлы, ғаламдық жаһанданудан аман әткен Астана бүгінде үшқырда қалыпты дамып, жаңаша бағытта көркейіп, гүлденеді. Бұл да болса халықтың айрандай үйінде айналған ауызбіршілігі, тұрақтылығы және ең бастысы шаттығы шалқыған бір шаңырақтың астында бейбіт өмір сүріп жатқаны, ак көңілді, кең пейілді, ешкімді жатсынбайтын, арамдықтан ада, кияннаттан шет, жомарт мінезді, кез келген адамзатты бауырана баса білген бауырмал ешкіммен тенденсі жоқ қара қазағымның арқасы. Жаңа заманда жасампаздықпен қалыптастырып жатқан жаңа қаламыз ешқашан жойылмасын. Елдігіміздің еңсели, тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, еліміз мәңгі жасап, қол жеткізген жетістігін молайып, жайнай берсін. Асқақтай бер Ару қала – Астана, Тұған күнің құтты болсын – Астана! Төмендегі жыр шумақтарын бас қаламыздың тұған күніне шашу ретінде арнаймын:

Екі мүшел жаста бүгін Астанам, Абыройы, беделі артық басқадан. Гүл-гүлжайнап еспіжатқанбасқалам, Жазылатын, шырқалатын асқақ ән.

Келбетімен ел мерейін есірген, Армандарды ақиқатқа көшірген. Сағ алтында салқын самал еседі, Асыр сала еркелеген Есілден.

Үміт толы атқан таңың арайлы, Алтын сәуле шартарапқа тарайды. Жайрандаған, сайрандаған халықта, Бәйтерегім сонау көктен қарайды.

Аспандары аққуларға қосқан ән, Егеменді елін алға бастаган. Бар әлемге танытты ғой қазакты, Асқақтаған арман қала – Астанам.

Саған қарап, болашақты көремін, Келешектің кемеліне сенемін. Жүрегінде дана қазақ рухы бар, Есіп келе жатыр өңкей өрнің.

Нұргали ҚАРАБЕКТЕГІ

АЛҒАШҚЫ ЛИРИК АҚЫН



Мағжан (Әбілмагжан) Бекенұлы 1893-жылғы 25-маусымда Солтустік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабай ауданы, Сасыққол жағасында дүниеге келген. Мағжан – Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазак әдебиетінің жарқын жүлдізы өкілі.

Атасы – Жұмабай қажы. Әкесі Бекен саудамен айналысқан дәулетті адам болған. Анасының есімі – Гұлсім. Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905-1910-жылдары Қызылжардағы № 1 мешіт жанында белгілі татар зиялдысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында қурескен М. Бегишевтің үйімдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Медреседе Бегишевтің Шығыс халықтарының тарихынан дәріс алды, қазақ, татар әдебиеттерін, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Һайям, Низами, Науай секілді шығыс ақындарының дастандарын оқып үйренді. Баспадан 1909-жылды шыққан Абай өлеңдерін оқып, «Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға» деген өлең жазды. 1910-1913-жылдары Уфа қаласындағы «Фалия» медресесінде білім алды. Онда татар жазушысы F. Ибраимовтің дәріс алды, белгілі қайраткер С. Жантөрінмен тығыз қарым-қатынас орнатады, болашақ көрнекті жазушы Б. Майлиномен танысады. Ибраимовтің көмегімен 1912-жылды Қазан қаласындағы Кәрімовтер баспасында «Шолпан» атты тұнғыш өлеңдер жинағы басылып шығады. «Садак» журналын шыгаруга қатысады, оған өзінің өлеңдерін жариялады. 1913-1916-жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды. «Бірлік» ұйымы жүмысынан белсene араласып, «Бала-пан» қолжаба журналын шыгаруга қатысады. Ә. Бекейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы секілді алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, «Қазақ» газетіне өз өлеңдерін жариялады.

1917-жылы Ақпан төңкөрісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайға сайнан шығады. 1918-жылдың 1-негізгі міндеттік мәдениет жариялады. Ақмола облыстық қазақ съезін өткізу ді үйімдастырушылардың қатарында болды. Осы жылы сәуірде Ақмола

облысы қазақ комитеті құрамына сийланды. Мәскеу қаласында өткен Бүкілressейлік мұсылман съезіне қатысты. Бірінші жалпықазақ съезінің шешімі бойынша Бүкілressейлік Құрылтай жиналышына депутаттықа кандидат ретіндегі ұсынылды. «Алаш» партиясының Ақмола облысының комитетінің мүшесі болды. «Үш жұз» партиясы өкілдерінің жалған айыптаудың бір айға жуық абақтыға отырып шықты. Екінші жалпықазақ съезінде делегат ретіндегі қатысып, онда оқу мәсесін бойынша құрылған комиссияға терағалық етті. 1918-1919-жылдары Петропавл уездік земство басқармасында қызмет етті. 1919-1923-жылдары Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінде, «Шолпан», «Сана» журналдарында, «Ақжол» газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсene араласады. Сол кезеңде қалың қауымға таныс поэмасы «Батыр Баянды» жазып, жарыққа шығарады.

1923-1927-жылдары Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркеменер институтында оқиды. Онда орыс әдебиетін, Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп, орыс мәдениет қайраткерлерімен жете танысып, көпшілігімен достық карым-қатынаста болады. Мәскеуде оқып жүргенде оның шығармалары орынсыз сынға ұшырады. 1924-жылды 24-қарашада Мәскеу қаласындағы Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінде қазақ жастарының жерлестік ұйымында жиналыш өтіп, олар Жұмабайұлының 1922-жылды қазанда, 1923-жылды Ташкентте басылып шықкан жыр жинақтарын талқыга салды. Онда ақын шығармаларын теріске шыгаратын қаулы қабылданды. Бұл қаулы «Еңбекші қазақ» газетінің 1925-жылғы 14-акпандағы санында басылды. Орынсыз сыннан көnlіл жабыққан ақын «Сәлем хат» деген өлең жазды. Ол «Тілші» газетінде жарияланды. «Еңбекші қазақ» газетінің 1924-жылғы 19-желтоқсанындағы санында С. Мұқановтың «Сәлем хат жазған азамат Мағжан Жұмабайұлына» деген ескертпемен «Сәлемге сәлем» деген жауап өлеңі

басылды. Жаңа құрылышка, жаңа тұрмысқа қатысты нақтылы өлең жазбаса да, «уралап айқайlamадын» деген кінәмен, тап қүресіне белсene араласып, кедей сөзін сөйлемеді деген айыппен Жұмабайұлы қатаң сынға алынды. Жұмабайұлы 1927-1929-жылдары Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызметтер аткарады.

1929-жылы Жұмабайұлы «Алқа» атты жасырын үйім құрганы үшін деген айыптаулармен Мәскеудегі Бұтырқа түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі. 1936- жылдары М. Горький мен Е. Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға қайтады. Петропавл қаласында мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабак беретін мұғалім болып жұмыс істейді. Көп ұзамай қалалық оқу ісінің менгерушісі оны саяси себептерге байланысты деген айыппен мұғалімдік қызметтен босатады. 1937-жылы наурызда Жұмабайұлы Алматыға келеді. Аударма ісімен айналысады. 1938-жылы қайтадан қамауга алындып, ату жазасына кесілді.

Ақын тұнғыш өлеңінен бастап әлеуметтік тақырыпқа дең қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанды. Абай поэзиясының өшпес маңызын бірден танып, оны «хакім» деп атады, ұлы ақынның «мың жыл жұтса дәмі кетпес» сөзін жаңа жағдайда ілгері дамытты. Батыс пен Шығыстың рухани қазынасын сабактастыру негізінде қазақ поэзиясын тақырып, түр мен мазмұн жағынан байытты. Жұмабайұлы ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерді көтерді («Шын сорлы»), халқын өнер-білімге шақырды («Ләззат қайда?», «Жазғы тан», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Балалық шақ», «Қазағым», «Қарағым», «Осы қунғі күй», «Мен сорлы»). Бірқатар өлеңдерін махабbat тақырыбына арнады «Жас келін», «Зарлы сұлу», «Сүйгеніме», «Алданған сұлу» жырлары осы топқа жатады. Өз поэзиясының алғашқы қадамдарынан бастап ақтық демі біткенге дейін Жұмабайұлы ұлт-азаттық тақырыбын үзбей толғайды, оны өз поэзиясының өзегі етті. Бұкіл халықты тап, топқа жіктемей, Қазак елін әлемдік мәдени жетістіктерге қол жеткізуге қандай күш кедергі деген саяул қойып, оған басты кедергі – отаршылдық деген шешімге келді. Бастапқы кезде бұл тақырып тұған жердін табиғатын тамашалады барып қайран жердің ендігі құні не болады деген уайым-қайғыға ұласады, ақыры келіп кіндік қаны тамған нұлы, сулы өлкені жаулап жатқан қара шекпенді отаршылдықка карсы наразылық оты болып тұтанды. Ақын халқымен бірге күйзелді, осыдан келіп романтикалық өуенге бөлленген жорық идеясы туды. Жұмабайұлы шығармаларындағы романтикалық сарын, әсіресе, оның символистік арнада жазған өлеңдерінен айқын көрінеді. Ақын символизмі болашақ пердесін ашатын жаңа мифология тұғызды, келешек суретін салу саясатшылардың емес, ақындардың қолында деген сенімге айналды. Ақын дыбыс-буынның соны үндестіктірінде қабылдау қажет деген санайды ол.

тауып, қазақ жырын байыта түсті. Жұмабайұлы поэзиясындағы құнарлы арнаның бірі – түркі тақырыбы. Түркі халықтарының бірлігі тақырыбы Жұмабайұлы поэзиясының әуелден қалыптасқан алтын арқауы іспетті. Ақын дүниетанымына Қызылжардағы Бегішев мәдресесінде оқуы көп ықпал етті. Ол жас өрен жүргегіне түрккік деген бауырмалдық сезім туғызды. «Шолпан» жинағындағы «Оралтауы» өлеңінде: «Қосылып батыр түркік балалары,

Таптатпа, жолын кесіп тізгінге орал», – деп жазды. Ерекше атап өтетін бір жәйт – Жұмабайұлының түркі халқының шет ел басқыншыларына қарсы азаттық қозгалысына үн косуы. Мұнда реалистік, романтикалық сарындар бір-бірімен астасып, бірге өріліп отырады. Түркі тақырыбы қазақ халқының ұлт-азаттық тақырыбына ұласып, отаршылдыққа қарсы құреске алып келді. Сондай-ақ, Жұмабайұлы «Пайғамбар» өлеңінде «Ғұн – түркітің арғы атасы» десе, «Түркістан» атты өлеңінде «Түркістан – ер түркітің бесігі фой» деп асқақ руҳпен жырлады. Түркішілдік сезімі Мұстафа Кемаль Ататүрік бастаған түркі халқының азаттық соғысына арналған «Альстағы бауырима» атты өлеңінде айрықша байқалады. Оның бұл өлеңін Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналында (1930, №1) жариялай отырып, оны түркішілдік күрсесі үшін ең қымбатты және ең пайдалы өлең деп бағалады.

Мағжан Жұмабайұлы – философ ақын. Ақынның философиялық көзқарасы өз өлеңдерінде жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділесіздік тәрізді қарама-қайшылықты философиялық ұғымдарды шебер шенденестіре білуінен байқалады. Ол дүниені біртұтас құбылыс ретіндегі алып, адамды сол ұлы табиғат, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретіндегі суреттейді. Табиғатыз, жаратылысыз адам жоқ. Ал табиғат адамсыз да күн көре береді. Бірақ сана оған бағынбайды, дene бағынса да сезім бағынбайды. Сондықтан ол бұлқынады, серпінеді, үстем болғысы келді. Құбылыстың мәнін кен көлемде, жалпыға бірдей қалыпта тани білуде ақын, ең алдымен, ненің болса да мән-мазмұнына үніледі, әрдайым жалпы адамзатқа тән әуенге бой ұрады, табиғаттың өз заңына ғана бағынатын құбылыстардың ішкі құпия астарын ұғынғысы келеді. Жұмабайұлының ойынша ақын деген болжап білмес жолға сапар шеккен пір, кейде жын, кейде бала, сол сапарда ол қындықты қайыспай көтеретін, не дүниені тәрк етіп, бәрінен безінетін жан. Ақын «Қорқыт» поэмасында философиядағы мәңгілік тақырып – өмір мен өлім мәселесін Қорқыт пен ажалдың аңдысуы түрінде суреттейді. Ажал – хак, сондықтан да өмір жібінің түйінінде өлімді болмай қоймайтын өмір ақиқаты ретінде қабылдау қажет деген санайды ол.

Нұргали ҚАРАБЕКТЕГІ

САРЫ-ШЫГАН САЯСЫНДА

Жер едің сарымсақты сары далам, Сары-шаган полигоны деп аталған. Далаңнан зымыранұшқанаспан қорғап, Хан жолының мұрасы бізге қалған.

Тасарал, Қоржынтубек ортасында, Айдынды Қөкше теніз жағасында. Аманатын арқалап ата жүрттый, Бабалар ғұмыр кешкен топырағында.

Ақбекен, жезкінгім желе жортқан, Жазира киелі жер, Бетпақдалам. Сәлемі желмен келер Сарыарқаның, Сәні сен, сол бетпақтың Сары-шыған.

Далаңда батырлардың ізі жатыр, Ер Таңыбай, Жарылғап аға батыр. Азаттықтың жолында қол бастаған, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай батыр.

Әуелде сарымсақты бекет болған, Тарихы тамырланған Тасаралдан. Қарсөн-Керней бабалар мекені гой, Қоржынтубек мал-жанға қордаланған.

Арқа мен Жетісуды жалғастырган, Замана мезгіл еді ел жаңарған. Салынып Мойынты-Шу теміржолы, Сары-шыған мекен болды жас қаланған.

Шөл мен қөл егіз жатқан сайын далам, Қөліңе ән мен жырдан акқу қонған. Арқаның еркесі еді-ау Қази ақын, Сал-серінің жалғасы сөз қалдырган.

Біледі бұл Сары-шыған қаһарманды, Құрметпен мақтан еткен батырларды. Ордасына фашисттің ойран салған, Рейхstagқа ту тіккен Рахымжанды.

Жалғанып түркібек тармақталған, Алматы темір жолы деп аталған. Тағдырын талайлардың тоғыстырган, Жырболып жазылғансын, Сары-шыған.

Бұл қүнде Қазақстан темір жолы, Тіршілік күретамыр өмір жолы. Созылған онтүстіктен солтүстікке, Ортада Сары-шыған бар тарихы.

Қазақтың көне жолы, жібек жолы, Жалғаған Азия мен Еуропаны. Сол жолдың бір тармагы осы тұста, Хан жолы кесіп откен Сарыарқаны.

Дариға-ай, тұрмайды гой уақыт керуен, Тоқтамай жылжу менен жылдар откен. Кім айттар, біз айтпасақ бұл өнірді, Тұғыры тұлпарлардың дүбірлеткен.

Кешегі бабалардың заманы еді, Науалы, Қаражыңғыл жайлауы еді. Өзені Мойынтының жылт еткенде, Той тойлап, масайрап бір қалушы еді.

Естіген бір айтарым осы тұста, Отырған ауыл дейді қыр басында. Арапбай Қондыбайдан Ахмет қария, Дейді екен сол кездері 90 жаста.

Жол салып Мойынтыдан келе жатқан, Жер қыртысын зерттейтін бір топ адам. Киіз үйге кіргенде жолда тұрган, Ақсақалды көреді төрде отырған.

Көргенде қарияны ақ киінген, Әулие деп ойлапты бәрі бірден.

Ата салты жолымен сәлем беріп, Шәй-қымыздың үстінде жөн білісken.

Келгендер сонда айтып шаруасын, Жол салар Мойынты-Шу біз боламыз. Қария ырза болған жаңалыққа, Беріпті меймандарға ақ батасын.

Ұшқан құс қанаты оның талатұғын, Тұлпар шапса тұяғы тозатұғын. Алысты жақындар тарағаны, Өркен есіп, еңбектің бағы жансын.

Менің де ұрпақтарым жолда өссін, Теміржолдан несібе теріп жесін. Деп берген ақ батасы қарияның, Жетіпти қызығына немеренің.

Балалары Жолтұс пен Төлеуханнан, Немересі Кендай, Мұрат Ахметовтар. Төртеуі марапатқа ие болған, “Құрметті теміржолшы” деп аталған.

Осылай Сары-шыған сәулет құрған, Балқаш қөл жағасында бағы жанған. Ахаев Мұхамедия Тасаралдан, Ел жинап, Сары-шығанға үлес қосқан.

Экспресс заман болды ел дамыған, Паровозды тепловоз ауыстырган. Дүйсенбаев, Қайырбаев, Уалханов, Атақты машинистер топтан озған.

Әлжанов, Сарахметов, Жаймаевтар, Медиев, Қадырманов, Құтжановтар. Алтаев, Тұрабаев, Ахметжанов, Тарландар міне осылар есте қалар.

Тяговий, ПЧ, ШЧ вагонніктар, Вокзал тұр, жеке дара ән арналар. Аттары барлығының аталар-ау, Шежіре кітап болып мұра қалар.

Омаш, Жамбыл, Жексен, Айтұғанды, Жөн болар айта кетсем достарымды. Кейінгі жас 65 класстар Жангелді, Шынтас, Сары-шығанға саябак орнатыпты.

Көркейген жылдар өтіп өрлеуменен, Бір кездер әскер келген эшелонмен. Қорғаның қала болып Қоржынтубек, Шартарап Сары-шығанды солай білген.

Кім келіп, бұл өнірге кім кетпеген? Даламда зымыран атып көкті тілген. Сынақ алаң болып ед сары далам, Кеңестің жауаларына айбат шеккен.

Жолаушы жүріп өткен теміржолмен, Сары-шыған қарсы алады күлімдеумен. Бүгінгі жас ұрпақтың арманы жоқ, Осында жерде туып, есіп-өнген.

Жайнаған жайсанмінез Сары-шығаным, Жол тартқан электровоз тұлпарларым. Қызықан “ҚазАвтоЖол” трассасы, Қосылып болашаққа жол бастасын.

Мерейтой құтты болсын, Сары-шыған! Ел едің бабалардан бата алған. Торқалы тойың тойға жете берсін, Ариған жырым осы, менің саған.

Күлназар Абдуахас.
Приозерск қаласы. 05.07.2023ж

Электрондық пошта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕН ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ!

Приозерск қалалық санитари-ялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы 2020-жылғы 30-желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № 336/2020 «Халықтың санитари-ялық-эпидемиологиялық саламаттығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы» бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызметтің 4 түрін атқарады:

1. «Эпидемиялық мәні жогары обьектінің халықтың санитари-ялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитари-ялық-эпидемиологиялықорытындыбуру»;

- 2) «Халықтың санитари-ялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есепке алу нөмірін беру»;

3. «Қоршаған ортага зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитари-ялық қорға аймақтары мен санитари-ялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитари-ялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитари-ялық-эпидемиологиялықорытындыбуру»;

4. «Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік беру».

Эпидемиялық маңызы жогары нысандар Халықтың санитари-ялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын өнімдер мен өпидемиялық мәні бар объектілердің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020-жылғы 30-қарашадағы № ҚР ДСМ-220/2020 бұйрығында белгіленген Басқарма бойынша 2023-жылдың 6 айда 4 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып басқа да талаптар, оның ішінде электрондық нысанда және мемлекеттік корпорация арқылы берілгендер:

1. gov.egov.kz интернет ресурсында мемлекеттік қызмет көрсетушілердің мекенжайлары көрсетілген;

- 2) Порталдың тәулік бойы (техникалық ақаулар бойынша жөндеу жұмыстарын қоспағанда). Мемлекеттік қызмет алушының жұмыстан кейінгі уақытта отініш бергенде, демалыс және мерекелік және демалыс құндерін қоспағанда, ҚР еңбек кодексіне сәйкес.

- 2) Порталдың тәулік бойы (техникалық ақаулар бойынша жөндеу жұмыстарын қоспағанда). Мемлекеттік қызмет алушының жұмыстан кейінгі уақытта отініш бергенде, демалыс және мерекелік және демалыс құндерін қоспағанда, ҚР еңбек кодексіне сәйкес.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге көректикар: мемлекеттік қызмет алушының ЭЦҚ бекітілген электронды формадағы отініш, көрсетілген ереженің 5-қосымшасына сәйкес, аккредиттілген саралтама орындарының зертханалық аспаптық тексеру (зерттеу) хаттамаларының электрондық көшірмелері. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негіз-демесі ретінде құжаттардың толық болмауы, әрі берілген ақпаратқа сәйкес болмаған жағдайда бас тартылады

Мемлекеттік қызметтерді көрсету ерекшеліктерін ескере отырып басқа да талаптар, оның ішінде электрондық нысанда және мемлекеттік корпорация арқылы берілгендер:

1. gov.egov.kz интернет ресурсында мемлекеттік қызмет көрсетушілердің мекенжайлары көрсетілген;

- 2) Көрсетілген қызметті алушының ЭЦҚ қойылған жағдайда мемлекеттік қызметті портала арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар;

3. Көрсетілген қызметті алушының порталдың «Жеке кабинет», сондай ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөнніндегі бірыңғай байланысы орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің жай күйі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар;

4. Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде нашар көрсетіндерге арналған нұсқасы қолжетімді.

5. gov.egov.kz интернет ресурсында мемлекеттік қызмет көрсету кызметтерінің байланысы телефондары көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету сұралтарты бойынша қабылдайтын бірыңғай байланысы орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Приозерск қалалық санитари-ялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTUBEK JARŞYSY

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35

Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35

Электрондық пошта: priogazeta@mail.ru

Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабекетегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 күелігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландыруларды мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаңың сенбі күні шығады.

Меншік иесі: «ИП Исадай М.А.»
Бас редактор: Исадай М.А.

Техникалық редактор: Исадай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,

Приозерск қаласы, 101100, Жені